

## 2016-2018 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 36/246 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 11 қаңтарда № 2934 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "2016 - 2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" 2015 жылғы 30 қарашадағы Заңдарына және "2016-2018 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 29/428 Маңғыстау облыстық мәслихатының шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2923 болып тіркелген) сәйкес, Түпқараған аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2016 - 2018 жылға арналған аудандық бюджет қосымшаға сәйкес, оның ішінде 2016 жылға келесідей көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 7 606 043,9 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер - 4 391 780,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 9 208,9 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 94 276,0 мың теңге;

трансферттер түсімдері - 3 110 779,0 мың теңге;

2) шығындар - 7 617 696,2 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 49 116,0 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 54 086,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 4 970,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - 60 768,3 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 60 768,3 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімдері - 44 541,0 мың теңге;

қарыздарды өтеу - 4 970,0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары - 21 197,3 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 14.12.2016 № 8/61 шешімімен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. 2016 жылға салықтық түсімдер бойынша аудандық бюджетке кірістерді бөлу нормативтері келесідей мөлшерлерде белгіленгені ескерілсін:

- 1) төлем көзінен ұсталатын кірістен алынатын жеке табыс салығы - 100 пайыз;
- 2) төлем көзінен ұсталмайтын кірістен алынатын жеке табыс салығы - 96,6 пайыз;
- 3) шетел азаматтарының кірістерінен төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы - 100 пайыз;
- 4) әлеуметтік салық - 100 пайыз.

3. Аудан әкімдігінің резерві 5000,0 мың теңге сомасында бекітілсін.

4. Жоғары тұрған бюджеттерден келесідей ағымдағы нысаналы трансферттер, нысаналы даму трансферттері және бюджеттік кредиттер бөлінгені ескерілсін:

республикалық бюджеттен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға - 334 039,0 мың теңге;

республикалық бюджеттен үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдердің еңбекақыларын көтеруге - 55 994,0 мың теңге;

республикалық бюджеттен мемлекеттік мекемелердің азаматтық қызметшілері мен штаттан тыс қызметкерлерінің еңбекақыларының 10 пайызға өсуіне және еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделіне - 623 315,0 мың теңге;

республикалық бюджеттен мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысының өсуіне - 55 495,0 мың теңге;

республикалық бюджеттен мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың жоғарғы деңгейінен төменгі деңгейіне беру - 4 274,0 мың теңге;

республикалық бюджеттен "Өрлеу" жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізуге - 3 875,0 мың теңге;

республикалық бюджеттен мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға - 599,0 мың теңге;

республикалық бюджеттен мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуімен, жеке көмекшілермен қамтамасыз етуге - 4 025,0 мың теңге;

республикалық бюджеттен мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттерге - 44 541,0 мың теңге;

облыстық бюджеттен 1 сынып оқушыларын бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етуге - 64 616,0 мың теңге;

облыстық бюджеттен жаңадан қосылатын білім беру нысанын ұстауға - 120 552,0 мың теңге;

облыстық бюджеттен білім беру мекемелері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізуге - 51 217,0 мың теңге;

облыстық бюджеттен ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып

баруды және кері алып келуді ұйымдастыруға - 80 000,0 мың теңге;

облыстық бюджеттен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға - 31 686,0 мың теңге;

облыстық бюджеттен жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмекке -107 205,0 мың теңге;

облыстық бюджеттен ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсетуге - 8 450,0 мың теңге;

облыстық бюджеттен қоғамдық жұмыстарға - 9 968,0 мың теңге;

облыстық бюджеттен халықты жұмыспен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шараларға - 7 178,0 мың теңге;

облыстық бюджеттен мамандарға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі шараларды іске асыруға - 8 189,0 мың теңге;

облыстық бюджеттен аудандық автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге - 111 375,0 мың теңге;

облыстық бюджеттен Сайын Шапағатов ауылындағы ауылішілік су құбыры және резервуар құрылысын аяқтауға - 195 455,0 мың теңге; облыстық бюджеттен Ақшұқыр ауылынан ауылішілік су құбыры және резервуар құрылысын аяқтауға - 370 878,0 мың теңге;

облыстық бюджеттен Сайын Шапағатов ауылын газбен қамту құрылысын аяқтауға - 116 674,0 мың теңге;

облыстық бюджеттен Сайын Шапағатов ауылына автомобиль жолдарын салу үшін - 278 155,0 мың теңге;

облыстық бюджеттен Ақшұқыр ауылында ауылішілік автомобиль жолдарын салу үшін жобалық сметалық құжаттама дайындауға ( жоғарғы бөлігі) - 9 330,0 мың теңге;

облыстық бюджеттен Ақшұқыр ауылында ауылішілік автомобиль жолдарын салу үшін жобалық сметалық құжаттама дайындауға ( төменгі бөлігі) - 7 733,0 мың теңге.

5. Ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласының азаматтық қызметшілеріне бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің жалақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

6. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін 12100 теңге мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек белгіленсін.

7. 4,5 және 6 қосымшаларға сәйкес бюджеттік инвестициялық жобаларды (

бағдарламаларды) іске асыруға бағытталған аудандық бюджеттің бюджеттік даму бағдарламаларының тізбесі бекітілсін.

8. 7 қосымшаға сәйкес 2016 жылға арналған аудандық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын бюджеттік бағдарламалар тізбесі бекітілсін.

9. 8 қосымшаға сәйкес 2016 жылға арналған қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламаларының тізбесі бекітілсін.

10. 9 қосымшаға сәйкес 2016 жылы жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер көлемі бекітілсін.

11. Түпқараған аудандық мәслихаты аппаратының басшысы (А. Ізбен) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның " Әділет " ақпараттық - құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

12. Осы шешімнің орындалуын бақылау Түпқараған аудандық мәслихатының бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (комиссия төрағасы А.Шарипов).

13. Осы шешім 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*О. Әбдірахманов*

*А. Досанова*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Түпқараған аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы:

Ж.Төлеген

24 желтоқсан 2015 жыл

Түпқараған аудандық мәслихатының  
2015 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 36/246 шешіміне  
1 ҚОСЫМША

## 2016 жылғы арналған аудандық бюджет

**Ескерту. 1 - қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 14.12.2016 № 8/61 шешімімен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).**

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			<b>1. КІРІСТЕР</b>	7 606 043,9
1			Салықтық түсімдер	4 391 780,0

1		Табыс салығы	3 09 742,5
	2	Жеке табыс салығы	3 09 742,5
3		Әлеуметтік салық	2 17 366,5
	1	Әлеуметтік салық	2 17 366,5
4		Меншікке салынатын салықтар	3 698 907,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	3 604 919,0
	3	Жер салығы	54 711,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	38 906,0
	5	Бірыңғай жер салығы	371,0
5		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 59 836,0
	2	Акциздер	2 974,0
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 37 138,0
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	19 574,0
	5	Ойын бизнесіне салық	150,0
7		Басқа да салықтар	82,0
	1	Басқа да салықтар	82,0
8		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	5 846,0
	1	Мемлекеттік баж	5 846,0
2		Салықтық емес түсімдер	9 208,9
1		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	7 531,9
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	1 234,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	6 291,0
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	6,9
4		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	188,0
	14	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен алынатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар	44,0
	18	Мамандандырылған ұйымдарға, жеке тұлғаларға бюджеттік кредиттер (қарыздар) бойынша жергілікті бюджеттен берілген айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	144,0
6		Басқа да салықтық емес түсімдер	1 489,0
	09	Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер	1 489,0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	94 276,0
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	6 574,0
	2	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер	49,0
	3	Азаматтарға пәтерлер сатудан түсетін түсімдер	6 525,0

	3		Жерді және материалдық емес активтерді сату	87 702,0
		1	Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер	85 340,0
		2	Жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлем	2 362,0
4			Трансферттердің түсімдері	3 110 779,0
	2		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3 110 779,0
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3 110 779,0

Функ-ционал-дық топ	Бюджеттік бағдарлама-лар әкімшісі	Бағдарла-ма	Атауы	Сомасы , мың теңге
			<b>2. ШЫҒЫНДАР</b>	7 617 696,2
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	3 70 403,0
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	20 128,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19 880,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	248,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	92 479,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	91 179,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 000,0
		009	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	300,0
	123		Форт-Шевченко қаласы әкімінің аппараты	26 279,0
		001	Форт-Шевченко қаласы әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	24 936,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1 343,0
	123		Ақшұқыр ауылы әкімінің аппараты	31 007,6
		001	Ақшұқыр ауылы әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	30 307,6
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	700,0
	123		Баутин ауылы әкімінің аппараты	31 405,0
		001	Баутин ауылы әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	28 569,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	2 836,0
	123		Қызылөзен ауылы әкімінің аппараты	17 790,0

		001	Қызылөзен ауылы әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16 550,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1 240,0
	123		Таушық ауылы әкімінің аппараты	19 113,8
		001	Таушық ауылы әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19 113,8
	123		Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппараты	20 915,0
		001	Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	20 915,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) экономика және қаржы бөлімі	1 055,0
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	489,0
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	566,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	45 150,0
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	31 989,0
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 800,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	8 361,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) экономика және қаржы бөлімі	32 560,6
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	31 690,6
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	870,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	500,0
		040	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	500,0
	486		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі	12 636,0
		001	Жергілікті деңгейде жер қатынастары, сәулет және қала құрылысын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 636,0
	494		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі	8 888,0

		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 888,0
	801		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі	10 496,0
		001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 817,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	679,0
2			Қорғаныс	10 127,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	10 127,0
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	10 127,0
3			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	622,0
	499		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі	622,0
		001	Жергілікті деңгейде азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	622,0
4			Білім беру	2 975 052,5
	123		Қызылөзен ауылы әкімінің аппараты	20 599,0
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру	20 599,0
	123		Ақшұқыр ауылы әкімінің аппараты	1 77 480,0
		004	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	55 556,0
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру	1 21 924,0
	123		Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппараты	53 158,0
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру	53 158,0
	123		Баутин ауылы әкімінің аппараты	98 181,0
		004	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	51 243,0
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру	46 938,0
	123		Таушық ауылы әкімінің аппараты	52 573,0
		004	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	52 573,0
	123		Форт-Шевченко қаласы әкімінің аппараты	47 202,0
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру	47 202,0
			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім	



464		бөлімі	1 73 807,0
	009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	1 02 047,0
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру	71 760,0
123		Баутин ауылы әкімінің аппараты	36 753,0
	005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	36 753,0
123		Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппараты	18 204,3
	005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	18 204,3
123		Ақшұқыр ауылы әкімінің аппараты	33 908,2
	005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	33 908,2
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2 013 950,0
	003	Жалпы білім беру	1 848 212,0
	006	Балаларға қосымша білім беру	1 65 738,0
802		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі	92 583,0
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	92 583,0
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1 42 162,0
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	25 459,0
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	52 676,0
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	3 153,0
	012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 259,0
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемі	3 095,0
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	56 520,0
		Жетім баланы (жетім балаларды) және	

		022	ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	0,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	14 492,0
		037	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	14 492,0
6			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1 91 431,7
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	5 575,0
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	883,0
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	1 807,0
		025	"Өрлеу" жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	2 885,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	4 856,0
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	4 856,0
	801		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі	4 283,0
		010	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	295,0
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	639,0
		025	"Өрлеу" жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	3 349,0
	123		Форт-Шевченко қаласы әкімінің аппараты	1 507,0
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	1 507,0
	123		Ақшұқыр ауылы әкімінің аппараты	2 755,0
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	2 755,0
	123		Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппараты	984,0
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	984,0
	123		Баутин ауылы әкімінің аппараты	5 265,0
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	5 265,0
	123		Қызылөзен ауылы әкімінің аппараты	947,0
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	947,0
	123		Таушық ауылы әкімінің аппараты	911,7
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	911,7
			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың )	

	451		жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	83 622,0
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	10 472,0
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	0,0
		006	Тұрғын үй көмегін көрсету	0,0
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	60 337,0
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	711,0
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	554,0
		017	Мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	11 548,0
	801		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі	67 367,0
		004	Жұмыспен қамту бағдарламасы	9 279,0
		006	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	7 950,0
		007	Тұрғын үй көмегін көрсету	0,0
		009	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	372,0
		011	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	49 062,0
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	499,0
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	205,0
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	11 894,0
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 260,0
			Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік	

		011	төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	634,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	865,0
		050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	865,0
	801		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі	600,0
		018	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	600,0
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 830 540,4
	123		Ақшұқыр ауылы әкімінің аппараты	22 427,0
		027	"Жұмыспен қамту-2020" жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	22 427,0
	123		Таушық ауылы әкімінің аппараты	5 505,0
		027	"Жұмыспен қамту-2020" жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	5 505,0
	123		Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппараты	3 743,0
		027	"Жұмыспен қамту-2020" жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	3 743,0
	123		Баутин ауылы әкімінің аппараты	2 634,0
		027	"Жұмыспен қамту-2020" жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	2 634,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	5 764,0
		041	"Жұмыспен қамту-2020" жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	5 764,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	1 291 706,0
		004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе ) жайластыру	8 10 608,5

		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	18 768,5
		058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	4 623 329,0
	123		Форт-Шевченко қаласы әкімінің аппараты	8 048,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	4 910,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	3 138,0
	123		Ақшұқыр ауылы әкімінің аппараты	66 540,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	60 539,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	3 688,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	2 313,0
	123		Баутин ауылы әкімінің аппараты	19 362,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	14 710,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	4 652,0
	123		Қызылөзен ауылы әкімінің аппараты	1 700,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	0,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 700,0
	123		Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппараты	85 181,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	76 864,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	7 431,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	886,0
	123		Таушық ауылы әкімінің аппараты	1 669,5
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	0,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 669,5
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	3 162 260,9
		015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 269 985,9
		016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1 878 882,0
		018	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 393,0
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	2 110 009,0
	123		Ақшұқыр ауылы әкімінің аппараты	21 102,0
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	21 102,0
	123		Қызылөзен ауылы әкімінің аппараты	14 747,0
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	14 747,0
	123		Таушық ауылы әкімінің аппараты	16 695,0
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	16 695,0
	802		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі	68 160,0
		005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	54 817,0
		006	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	1 976,0
			Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық)	

		007	деңгейде спорттық жарыстар өткізу	3 369,0
		008	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	7 998,0
	470		Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі	3 638,0
		005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	3 638,0
	802		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі	29 494,0
		004	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	29 494,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	0,0
		023	Туризм объектілерін дамыту	0,0
	470		Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі	41 463,0
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік оптимизімін қалыптастыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	24 647,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	441,0
		004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	16 375,0
	802		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі	15 710,0
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15 560,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	150,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	81 680,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	8 338,0
		099	Мамандарға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	8 338,0
	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	67 520,0
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	62 520,0
		006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	0,0
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	5 000,0
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	5 822,0

		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 822,0
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	16 736,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	12 225,0
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 225,0
	468		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	3 511,0
		001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3 511,0
		003	Аудан аумағында қала құрылысын дамыту схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	0,0
	486		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі	1 000,0
		004	Аудан аумағының қала құрылысын дамыту және елді мекендердің бас жоспарының схемаларын әзірлеу	1 000,0
12			Көлік және коммуникация	3 88 765,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	3 88 765,0
		022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	1 89 341,0
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 99 424,0
13			Басқалар	39 678,0
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	4 829,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 829,0
	123		Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппараты	17 997,0
		040	"Өңірлерді дамыту" Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	17 997,0
	123		Ақшұқыр ауылы әкімінің аппараты	5 541,0
		040	"Өңірлерді дамыту" Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	5 541,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	0,0

		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	0,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	11 311,0
		041	"Өңірлерді дамыту" Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	11 311,0
14			Борышқа қызмет көрсету	9,3
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	9,3
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	9,3
15			Трансферттер	1 501 642,3
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 501 642,3
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	1 231,3
		007	Бюджеттік алып қоюлар	1 497 911,0
		051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	2 500,0
			<b>3. ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТТЕУ</b>	49 116,0
			Бюджеттік кредиттер	54 086,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	54 086,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	54 086,0
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	54 086,0
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	4 970,0
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	4 970,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	4 970,0
			<b>4. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО</b>	0,0
			Қаржы активтерін сатып алу	0,0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
			<b>5. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТ)</b>	- 60 768,3
			<b>6. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН (ПРОФИЦИТІН ҚОЛДАНУ) ҚАРЖЫЛАНДЫРУ</b>	60 768,3
7			Қарыздар түсімдері	44 541,0
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	44 541,0
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	44 541,0



16			Қарыздарды өтеу	4 970,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	4 970,0
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	4 970,0
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	21 197,3
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	21 197,3
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	21 197,3

Түпқараған аудандық мәслихатының  
2015 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 36/246 шешіміне  
2 ҚОСЫМША

## 2017 жылға арналған аудандық бюджет

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			<b>1. КІРІСТЕР</b>	4 581 874
1			Салықтық түсімдер	4 495 585
	1		Табыс салығы	290 135
		2	Жеке табыс салығы	290 135
	3		Әлеуметтік салық	216 197
		1	Әлеуметтік салық	216 197
	4		Меншікке салынатын салықтар	3 829 479
		1	Мүлікке салынатын салықтар	3 721 069
		3	Жер салығы	65 879
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	42 130
		5	Бірыңғай жер салығы	401
	5		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	151 488
		2	Акциздер	4 046
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	132 475
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	14 967
	7		Басқа да салықтар	290
		1	Басқа да салықтар	290
	8		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	7 996
		1	Мемлекеттік баж	7 996
2			Салықтық емес түсімдер	5 775
	1		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	5 775
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	17
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	5 758

3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	80 514
	3		Жерді және материалдық емес активтерді сату	80 514
		1	Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер	77 486
		2	Жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлем	3 028
4			Трансферттердің түсімдері	0
	2		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	0
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	0

Функцион .Топ	Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы , мың теңге
			<b>2. ШЫҒЫНДАР</b>	4 581 874
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	248 703
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	17 138
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	17 138
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	81 670
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	81 670
	123		Форт-Шевченко қаласы әкімінің аппараты	18 366
		001	Форт-Шевченко қаласы әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18 366
	123		Ақшұқыр ауылы әкімінің аппараты	16 353
		001	Ақшұқыр ауылы әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16 353
	123		Баутин ауылы әкімінің аппараты	19 200
		001	Баутин ауылы әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19 200
	123		Қызылөзен ауылы әкімінің аппараты	14 239
		001	Қызылөзен ауылы әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14 239
	123		Таушық ауылы әкімінің аппараты	14 230
		001	Таушық ауылы әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14 230
	123		Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппараты	20 789
		001	Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	20 789
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	21 302
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21 302
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	25 416
			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық	

		001	саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау , бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	25 416
2			Қорғаныс	7 950
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	7 950
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	7 950
3			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық атқару қызметі	7 055
	499		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі	7 055
		001	Жергілікті деңгейде азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 055
4			Білім беру	2 647 878
	123		Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппараты	11 873
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру	11 873
	123		Ақшұқыр ауылы әкімінің аппараты	55 196
		004	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	44 558
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру	10 638
